



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН Ш Е Ш І М

1 наурыз 2024 жылы істің № 7527-24-00-2/1227 Алматы қаласы

Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты төрелік етуші судья Г.Ә. Сатбаева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарады, онда:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:

«ҚР Ұлттық музейі» РМҚК

ЖАУАПКЕР:

"Tender Masters" ЖШС

ТАЛАП АРЫЗ:

1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тануға
2. тұрақсыздық төлемін өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «ҚР Ұлттық музейі» РМҚК жауапкер "Tender Masters" ЖШС мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық төлемін өндіру туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

"Tender Masters" ЖШС мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

"Tender Masters" ЖШС-нен «ҚР Ұлттық музейі» РМҚК пайдасына 42 183 (қырық екі мың бір жүз сексен үш) теңге тұрақсыздық айыбы, 1 266 (бір мың екі жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж салағын өндірілсін.

"Tender Masters" ЖШС-нен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Жауапкер шешім шығарылған сотқа өзі шешімнің көшірмесін алған кезден бастап бес жұмыс күн ішінде бұл шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге тараптар бұл шешімнің күшін жою арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал арыз берілген жағдайда – бірінші сатыдағы сот арызды қанағаттандырудан бас тартқан кезден бастап бір ай ішінде Алматы қалалық сотына осы сот арқылы шағым немесе прокурор өтінішхат келтіре алады.

Судья

Г.Ә.Сәтбаева

